

БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ АРТ-ТЕРАПИЯ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ибрагим Қ.Ә.^{1,*} , Керимбекова А.А.² , Айтқұлова Г.А.¹ 

¹Шымкент университеті, Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.

²Авимед көпсалалы колледжі Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.

*e-mail: kairat.ibragim1979@gmail.com, kerimbekova.1975@mail.ru, gulmira170672@mail.ru

Аңдатпа. Зерттеудің мақсаты – медициналық колледж студенттерінің эмоционалдық тұрақтылығын, өзін-өзі реттеуін және оқу мотивациясын арттыруда арт-терапиялық тәсілдердің тиімділігін анықтау және эмпирикалық тұрғыда дәлелдеу. Зерттеу идеясы арт-терапияны білім беру ортасында эмоционалдық қолдау, тұлғалық даму және шығармашылық өзін-өзі білдіру құралы ретінде қолдануға негізделеді. Мақалада арт-терапияның теориялық негіздері, оның білім беру процесіндегі психологиялық-педагогикалық әлеуеті және студенттердің эмоционалдық саулығын нығайтудағы рөлі қарастырылады. Ғылыми маңыздылығы – арт-терапияның студенттердің эмоционалдық тұрақтылығы мен әлеуметтік бейімделуіне ықпалын теориялық тұрғыда негіздеу және арт-терапиялық тәсілдердің тиімді механизмдерін анықтау. Практикалық маңыздылығы – медициналық колледж жағдайында арт-терапиялық әдістерді қолданудың нақты жолдарын ұсыну, студенттердің оқу мотивациясын, қарым-қатынас мәдениетін және психологиялық саулығын арттыруға арналған тиімді құралдарды көрсету. Зерттеу барысында суреттерапия, музыкатерапия, драматерапия және ертегітерапия секілді арт-терапиялық тәсілдер қолданылды. Эмпирикалық деректер жинауда диагностикалық әдістемелер, бақылау, салыстырмалы талдау және педагогикалық эксперимент әдісі пайдаланылды. Алынған нәтижелер сандық және сапалық тәсілдер арқылы талданды. Эксперимент нәтижелері студенттердің эмоционалдық тұрақтылығының, өзін-өзі реттеу дағдыларының, эмпатия деңгейінің және оқу мотивациясының айтарлықтай артқанын көрсетті. Эмоциялық шиеленіс деңгейі төмендеп, топтық өзара әрекет, қарым-қатынас мәдениеті мен әлеуметтік бейімделу көрсеткіштері жақсарды. Төмен эмоционалдық тұрақтылық үлесі қысқарып, жоғары деңгейдің өсуі байқалды. Зерттеу арт-терапиялық тәсілдердің студенттердің тұлғалық және кәсіби дамуына оң әсер ететінін дәлелдеді. Зерттеу арт-терапияның білім беру үдерісін гуманизациялаудың, студенттердің психологиялық әл-ауқатын нығайтудың және олардың шығармашылық әлеуетін ашудың пәрменді құралы екенін көрсетті. Арт-терапия эмоциялық шиеленісті азайтып, өзін-өзі білдіру, эмпатия, топтық өзара әрекет дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Алынған нәтижелер арт-терапияны медициналық колледждерде қолдау құралдары жүйесіне енгізудің өзектілігін және тиімділігін негіздейді.

Кілт сөздер: арт-терапия, эмоционалдық тұрақтылық, оқу мотивациясы, эмпатия, студент, психологиялық қолдау.

Кіріспе

Қазіргі қоғамда жастардың эмоционалдық тұрақтылығын дамыту және психологиялық саулығын қолдау мәселесі ерекше өзектілікке ие. ХХІ ғасырдың қарқынды өзгерістерге толы кезеңінде жастар түрлі әлеуметтік, ақпараттық, академиялық және тұлғалық қысымдарға жиі ұшырайды. Әсіресе медициналық колледж студенттері кәсіби даярлық барысында жоғары стресс, жауапкершілік пен психологиялық жүктемеге жиі тап болады. Болашақ медицина қызметкерлерінің дайындық ерекшелігі – биологиялық, психологиялық және клиникалық пәндердің күрделілігі, өндірістік тәжірибе кезіндегі эмоционалдық жүктеме, пациенттермен жұмыс барысында туындайтын құндылықтық және этикалық дилеммалар. Мұндай факторлар студенттердің эмоционалдық тұрақтылығына, оқу мотивациясына және психологиялық саулығына тікелей әсер етеді.

Қазіргі білім беру кеңістігінде болашақ мамандардың тек кәсіби құзыреттерін ғана емес, сонымен бірге тұлғалық саулығын, стресске төзімділігін және өзін-өзі реттеу қабілетін дамыту маңызды міндеттердің бірі болып отыр. Психологиялық тұрғыдан әлсіз, уайымшыл немесе күйзеліске бейім студенттер оқу барысында қиындықтарға жиі тап болып, кәсіби бейімделуде кедергілерге ұшырайды. Сондықтан дәстүрлі педагогикалық әдістермен бірге студенттің ішкі ресурстарын іске қосуға, эмоциялық жай-күйін реттеуге

және тұлғалық дамуын қолдауға бағытталған инновациялық тәсілдерді қолдану қажеттілігі туындайды. Осындай тиімді заманауи әдістердің бірі – арт-терапия. Арт-терапия – бұл шығармашылық әрекет арқылы тұлғаның эмоциялық жай-күйін реттеуге, өзін-өзі тануға және психологиялық сауығуға бағытталған әдіс. Бұл тәсіл тұлғаның сезімдерін сөзбен жеткізу қиын болған жағдайларда ішкі эмоционалдық тәжірибесін бейнелі түрде шығаруына мүмкіндік береді. Шығармашылық әрекет адамның бейсаналы ойларын, уайымдарын, күшті және әлсіз жақтарын символдық деңгейде ашып көрсетіп, оларды өңдеуге жағдай жасайды. Сондықтан арт-терапия тек психотерапиялық практикада ғана емес, білім беру процесінде де өзінің жоғары тиімділігін дәлелдеп отыр.

Медициналық колледж студенттері үшін арт-терапияның маңызы ерекше. Біріншіден, шығармашылық әрекет арқылы студенттер өзін-өзі танудың жаңа формаларын меңгереді, бұл олардың кәсіби рефлексиясына оң әсер етеді. Екіншіден, бейнелеу, музыка, драма, ертегі және құм терапиясы сияқты арт-терапияның түрлі бағыттары эмоционалдық қысымды төмендетіп, күйзеліске қарсы тұру қабілетін дамытады. Үшіншіден, топтық арт-терапия студенттердің қарым-қатынас мәдениетін нығайтып, эмпатиялық қабылдауын арттырады, бұл медицина саласында аса қажетті кәсіби қасиеттердің бірі. Сонымен қатар, арт-терапия оқу ортасын гуманизациялауға, студенттер арасындағы өзара түсіністік пен сенімділікті күшейтуге мүмкіндік береді. Қазіргі педагогикалық ғылымда тұлғаға бағытталған тәсілдің маңызы артқан сайын, арт-терапия әдістерін оқу процесіне интеграциялау студенттердің шығармашылық әлеуетін ашуға, ішкі эмоционалдық ресурстарын белсендіруге және кәсіби өзін-өзі анықтауына ықпал ететін тиімді жолдардың бірі ретінде қарастырылуда. Осы зерттеуімізде медициналық колледж студенттерінің эмоционалдық тұрақтылығын дамытуда арт-терапия әдістерін қолданудың теориялық және практикалық мүмкіндіктерін қарастырамыз. Зерттеу барысында арт-терапияның психологиялық негіздері, оның білім беру ортасындағы орны, эмоционалдық саулықты қалыптастырудағы рөлі және студенттердің жеке және кәсіби дамуына әсері ғылыми тұрғыдан талданады. Сонымен қатар, арт-терапиялық бағдарламаның тиімділігі эмпирикалық зерттеу нәтижелері негізінде бағаланады.

Әдебиеттік шолу

Арт-терапия (art therapy) – тұлғаның ішкі жан дүниесін шығармашылық әрекет арқылы бейнелеу және эмоциялық реттеу негізінде психологиялық сауығуға бағытталған әдіс. Терминді алғаш рет ағылшын суретшісі әрі педагог Адриан Хилл ұсынған. Психоаналитикалық бағыт өкілдері З. Фрейд өнерді тұлғаның бейсаналы ойлары мен эмоцияларын қауіпсіз формада көрсетуге мүмкіндік беретін бейнелік тіл деп түсіндірген [1]. К. Юнг те өнердің символдық табиғаты адамның терең психикалық мазмұнын ашуға қабілетті екенін атап өтеді [2]. Ғалымның пікірінше, өнердегі символдар адам санасының терең қабаттарымен байланысты және шығармашылық бейнелер тұлғаның бейсаналы мазмұнын қауіпсіз түрде сыртқа шығаруға мүмкіндік береді. Сондықтан арт-терапиядағы символдық бейнелер адамның ішкі переживаниелерін түсінудің маңызды құралы ретінде қарастырылады. Ал, гуманистік психология өкілдері К. Роджерс және А. Маслоу арт-терапияның тұлғаның өзін-өзі тануын, шығармашылық әлеуетін дамытуын және тұлғалық өсуін қолдайтынын атап көрсетті [3, 4]. Бұл бағыт өкілдері арт-терапияны тұлғаның еркін өзіндік дамуын қамтамасыз ететін, шығармашылық арқылы өзін қабылдау мен өзін-өзі жүзеге асыру процесін жеңілдететін тиімді құрал ретінде қарастырды. Сондықтан бұл тәсіл адамның ішкі ресурстарын оятуға және позитивті тұлғалық өзгерістерге ықпал ететін әдіс ретінде бағаланады.

Заманауи кезеңде арт-терапия ғылыми-тәжірибелік негізін кеңейтті. М. Мальхиоди арт-терапияны эмоциялық күйді реттеуге мүмкіндік беретін интегративті психотерапиялық тәсіл ретінде сипаттайды [5]. Ғалымның тұжырымдары арт-терапияның тек шығармашылық үдеріс емес, эмоциялық реттелу, психологиялық сауығу және стресске қарсы тұру дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін кешенді терапиялық жүйе екенін

көрсетеді. Н. Капитан шығармашылық әрекет арқылы тұлғаның өзін-өзі тануы мен психологиялық сауығуының механизмдерін түсіндіреді [6]. Бұл механизмдер шығармашылық әрекеттің өзіндік зерттеу мен ішкі эмоционалдық тәжірибені қайта өңдеудің тиімді құралы екенін дәлелдейді, сондықтан арт-терапия тұлғаның психологиялық қалпына келуіне және өзіндік ресурстарын тануына мүмкіндік береді.

Г. Хинц эмоционалды реттеудің нейропсихологиялық тетіктерін түсіндіре отырып, «өрнекті терапия континуумы» моделін ұсынады. Зерттеуші ұсынған «өрнекті терапия континуумы» моделі арт-терапияның нейропсихологиялық негіздерін нақтылап, шығармашылық әрекеттің ми қызметіне әсер ету ерекшеліктерін жүйелі түрде түсіндіреді. Бұл модель эмоциялық реттелудің когнитивтік және сенсомоторлық аспектілерін кешенді қарастыруымен құнды [7]. С.М. Нифф өнердің дәрігерлік және қалпына келтіруші құндылығын ғылыми тұрғыдан негіздейді. С.М. Ниффтің зерттеулері өнердің терапиялық ықпалын ғылыми дәлелдермен негіздеп, оның психологиялық сауығу, эмоционалдық жеңілдеу және тұлғалық қалпына келу процестеріндегі ерекше рөлін айқындайды. Бұл еңбектер арт-терапияның емдік әлеуетін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді [8].

Білім беру ортасында арт-терапия студенттердің өзін-өзі білдіру қабілетін, оқу мотивациясын және эмоционалдық тұрақтылығын арттыру құралы ретінде тиімді болып табылады. Мысалы, шығармашылық тәсілдер оқу ортасын гуманизациялап, тұлғааралық қарым-қатынасты жақсартады [9]. Колледж жастары арасында жүргізілген зерттеулер арт-терапияның әлеуметтік бейімделу мен өзін-өзі реттеу деңгейін арттыратынын дәлелдейді [10, 11]. Осылайша, арт-терапия білім беру процесінде тұлғаның психологиялық саулығын нығайтатын, топтық өзара әрекетті күшейтетін және шығармашылық әлеуетін ашатын пәрменді психологиялық-педагогикалық технология болып табылады. Зерттеулер көрсеткендей, арт-терапия оқу үдерісінде студенттердің эмоционалдық жай-күйін тұрақтандырумен қатар, олардың өзіндік тиімділік сезімін күшейтеді және тұлғалық белсенділігін арттырады. Шығармашылық әдістер оқу ортасын қауіпсіз әрі қолдаушы кеңістікке айналдырып, студенттердің ішкі әлеуетін ашуға жағдай жасайды. Сондықтан арт-терапия білім беру жүйесінде тек көмекші әдіс емес, тұлғаның кешенді дамуын қамтамасыз ететін маңызды психологиялық-педагогикалық құрал ретінде қарастырылады. Бұл ғалымдардың тұжырымдауынша, өнер мен шығармашылық қызмет әлеуметтік өзара әрекет пен тұлғаның когнитивтік дамуының негізгі механизмі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, арт-терапия әдістерін білім беру үдерісіне енгізу студенттердің эмоционалдық тұрақтылығын, креативті ойлау қабілетін және оқу мотивациясын арттырудың тиімді құралы болып саналады. Жоғарыда келтірілген ғылыми көзқарастар бойынша, арт-терапияны тұлғаның дамуына ықпал ететін көпқырлы психотерапиялық жүйе ретінде қарастыруға болады. Фрейд пен Юнгтің психоаналитикалық тұжырымдамалары оның бейсаналы мазмұнды символдар арқылы өңдеу мүмкіндігін көрсетсе, гуманистік бағыт өкілдері Роджерс пен Маслоу арт-терапияның өзін-өзі тануға, тұлғалық өсуге және шығармашылық әлеуетті іске асыруға бағытталғанын дәлелдейді. Ал М. Мальхиоди, Н. Капитан және Г. Хинц сияқты заманауи зерттеушілер арт-терапияны когнитивтік, эмоциялық және сенсомоторлық процестерді өзара интеграциялайтын ғылыми негізделген терапиялық тәсіл ретінде сипаттайды. Осы зерттеулердің барлығы арт-терапияның әртүрлі бағыттарының – бейнелеу өнері терапиясы, музыкалық терапия, драмалық терапия, би-қимыл терапиясы, құм терапиясы және т.б. – тұлғаның өзін-өзі реттеуін, эмоционалды саулығын және шығармашылық қабілеттерін дамытуда ерекше рөл атқаратынын куаттайды. Сондықтан арт-терапияның барлық бағыттары біріккен түрде білім алушылардың психологиялық қолдау қажет ететін аспектілерін кешенді дамытуға мүмкіндік береді.

Қазіргі білім беру жүйесінде арт-терапия тәсілдері оқу процесін гуманизациялауға, студенттердің эмоционалдық тұрақтылығын дамытуға және оқу мотивациясын арттыруға бағытталған тиімді психологиялық-педагогикалық құрал ретінде кеңінен қолданылуда. Арт-терапиялық әдістер тұлғаның өзін-өзі танып, өз әлеуетін шығармашылық жолмен жүзеге

асыруына мүмкіндік береді. Арт-терапияның төмендегідей түрлі бағыттары бар, және олардың әрқайсысы білім алушылардың тұлғалық дамуына өзіндік әсер етеді. Арт-терапияның негізгі бағыттары жоғарыда аталған авторлар еңбектері негізінде жүйеленді (Кесте 1).

Кесте 1 – Арт-терапия бағыттары

№	Арт-терапия түрі	Қысқаша сипаттамасы	Білім беру процесіндегі рөлі	Авторлар және дереккөздер
1	Бейнелеу терапия	Сурет салу, бояу немесе мүсіндеу арқылы тұлғаның ішкі сезімдерін бейнелеуге және эмоциялық күйін реттеуге мүмкіндік беретін әдіс.	Студенттердің шығармашылық ойлауын дамыту, өзін-өзі білдіру қабілетін арттыру.	Kramer, E. <i>Art as Therapy with Children</i> . New York: Schocken Books.
2	Музыкатерапия	Музыканың ырғақтық және эмоциялық әсері арқылы адамның психологиялық тепе-теңдігін қалпына келтіру тәсілі.	Күйзелісті азайту, зейінді шоғырландыру, эмоционалдық үйлесімділікті қалыптастыру.	Bruscia, K. <i>Defining Music Therapy</i> . Barcelona Publishers.
3	Драматерапия	Рөлдік ойындар мен театрландырылған көріністер арқылы тұлғаның ішкі қайшылықтарын жеңуге бағытталған әдіс.	Коммуникативтік қабілетті, өзіндік сенімділікті және топтық бірлікті арттыру.	Jennings, S. <i>Introduction to Dramatherapy</i> . Jessica Kingsley Publishers.
4	Библиотерапия	Әдеби шығармаларды оқу және жазу арқылы өзін-өзі түсіну мен эмоциялық шиеленісті төмендетуге көмектеседі.	Студенттердің рефлексиясын дамыту, тілдік және эмоциялық өрісін кеңейту.	Hynes, A., & Hynes-Berry, M. <i>Biblio/Poetry Therapy: The Interactive Process</i> . St. Cloud State University.
5	Ертегі терапия	Ертегілер мен қиял элементтері арқылы тұлғаның ішкі әлемін зерттеу және өмірлік тәжірибесін қайта қарауға мүмкіндік береді.	Өмірлік жағдайларды символдық тұрғыдан түсінуді, эмоционалдық интеллектіні дамыту.	Von Franz, M.-L. <i>The Interpretation of Fairy Tales</i> . Shambhala Publications.
6	Қуыршақ терапия	Қуыршақтармен, маскалармен немесе марионеткалармен жұмыс жасау арқылы эмоциялық күйзелісті төмендету әдісі.	Коммуникативтік және эмпатиялық қабілеттерді дамыту, топтық өзара әрекет дағдыларын қалыптастыру.	Lemish, D. <i>Children and Television: A Global Perspective</i> . Wiley-Blackwell.

№	Арт-терапия түрі	Қысқаша сипаттамасы	Білім беру процесіндегі рөлі	Авторлар және дереккөздер
7	Құм терапиясы	Арнайы құм жәшігінде фигуралар мен пішіндер құрастыру арқылы тұлғаның бейсаналы күйін бейнелеуге мүмкіндік береді.	Релаксация, өзін-өзі реттеу, ішкі үйлесім мен эмоционалдық тұрақтылықты дамыту.	Kalff, D. M. <i>Sandplay: A Psychotherapeutic Approach to the Psyche</i> . Sigo Press.

Тәжірибелік зерттеулер де осы көзқарастарды қуаттайды. Мысалы, Т. Пифало арт-терапияның эмоционалдық және мінез-құлықтық бұзылыстары бар студенттерге психологиялық қолдау көрсетудің тиімді әдісі екенін дәлелдеген. Ғалымның зерттеуі арт-терапияның терапиялық әсерін эмпирикалық деңгейде дәлелдейтін маңызды ғылыми еңбектердің бірі болып табылады. Автор жүргізген эксперименттік жұмыс барысында арт-терапиялық әдістер эмоционалдық реттелуді жақсартып қана қоймай, мінез-құлықтық тұрақсыздықты төмендетуге мүмкіндік беретіні анықталды. Бұл дерек арт-терапияның эмоционалдық және мінез-құлықтық қиындықтарға ұшыраған жастармен жұмыс істеуде тиімді интервенция ретінде қолданылатынын көрсетеді. Демек, Пифало еңбегі арт-терапияны білім беру ортасында профилактикалық және түзету-дамытушы құрал ретінде пайдаланудың ғылыми негізін күшейтеді [12]. П. Клорердің зерттеулері де арт-терапияның травмалық тәжірибесі бар балалар мен жастардың эмоциялық реттелуін жақсартуға ықпал ететінін көрсетеді. Сонымен қатар, шығармашылық әрекет травмадан кейінгі күйзелісті сыртқа шығарудың қауіпсіз құралын қалыптастыратынын, сондай-ақ тұлғаның ішкі эмоционалдық күйін бейнелеу арқылы қайта өңдеуге жағдай жасайтынын дәлелдейді. Клорердің тұжырымдары арт-терапияның психологиялық жарақатты өңдеуде қолжетімді, бейімделгіш және балаға бағытталған интервенция екенін көрсетіп, оны клиникалық және педагогикалық тәжірибеде қолданудың теориялық негізін нығайтады [13]. Ал, М. Квятковска топтық арт-терапияның студенттердің өзара қарым-қатынасын, эмпатиясын және ұжымдық бірлігін нығайтатынын атап өтеді. жүргізген зерттеулер топтық арт-терапияның әлеуметтік өзара әрекеттестікке оң әсерін жан-жақты дәлелдейді. Автор шығармашылық топтық жұмыс барысында қатысушылардың бір-бірін тыңдау, түсіну және қолдау қабілеттері күшейетінін, бұл өз кезегінде эмпатиялық сезімнің артуына және топ ішіндегі сенім мен бірліктің нығаюына әкелетінін көрсетеді. Бұл зерттеушілердің тұжырымдары арт-терапияның тек жеке эмоционалдық реттелуге емес, сонымен қатар студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін, топтық динамикасын және әлеуметтік интеграциясын дамытуға ықпал ететін тиімді психологиялық-педагогикалық әдіс екенін айқындайды [14]. Отандық зерттеушілердің еңбектерінде де арт-терапияның әлеуметтік және педагогикалық әлеуеті ерекше көрсетіледі.

Отандық зерттеушілердің еңбектерінде де арт-терапияның әлеуметтік және педагогикалық әлеуеті кеңінен сипатталады. И.С. Сарыбаева мен С.М. Дүйсенова арт-терапияның мәнін, әлеуметтік жұмыстағы қолдану мүмкіндіктерін және топтық жұмыс формаларының ерекшеліктерін талдай отырып, қауіпсіздік пен этикалық шекараларды сақтаудың маңызын көрсетеді [15]. И.С. Сарыбаева мен С.М. Дүйсенованың еңбектері арт-терапияны әлеуметтік-педагогикалық қолдау жүйесінің маңызды бөлігі ретінде қарастырып, оны қолдануда кәсіби этика, эмоционалдық қауіпсіздік және маманның жауапкершілігі шешуші рөл атқаратынын атап көрсетеді. Бұл зерттеулер арт-терапияның тиімділігін арттыру үшін әдістемелік сауаттылық пен қауіпсіз орта қалыптастырудың маңызын айқындайды.

Г.А. Қасен мен Е.Т. Каденов Қазақстандағы арт-педагогикалық және арт-терапиялық қызметтің қазіргі жағдайын жан-жақты талдап, мамандардың кәсіби даярлығын

жетілдіру қажеттігін айқындайды. Қазақстандағы арт-педагогикалық және арт-терапиялық қызметтің даму динамикасын кешенді түрде сипаттайды. Авторлар еліміздегі осы бағыттағы әдістемелік база, мамандар даярлығы және практикалық қолдану ерекшеліктерін талдай отырып, кәсіби дайындық деңгейін жетілдірудің өзектілігін ерекше атап өтеді. Зерттеу нәтижелері арт-терапиялық әдістерді тиімді қолдану үшін педагогтар мен психологтардың арнайы теориялық білімді, практикалық шеберлікті және этикалық құзыреттерді меңгеруі қажеттігін көрсетеді. Бұл тұжырым ұлттық білім беру жүйесінде арт-терапияның кәсіби стандарттарын қалыптастыру мен мамандарды жүйелі даярлаудың маңыздылығын айқындайды [16]. А. Байқұатованың еңбегінде арт-терапия мен музыкатерапияның интеграциясы арқылы студенттердің эмоционалдық тұрақтылығын арттыру жолдары ұсынылады. Ғалымның зерттеуі арт-терапия мен музыкатерапияның өзара интеграциясының студенттердің эмоционалдық тұрақтылығын арттырудағы жоғары әлеуетін көрсетеді. Автор шығармашылық бейнелеу әрекеті мен музыкалық әсердің үйлесімді қолданылуы эмоционалдық реттелуді күшейтіп, стресс деңгейін төмендететінін дәлелдейді. Музыкатерапияның тыныштандырушы және эмоцияны жұмсартушы әсері арт-терапиялық шығармашылық үдерісті тереңдетіп, студенттің ішкі күйін үйлестіруге мүмкіндік береді. Байқұатованың тұжырымдары интегративті тәсілдердің оқытудың психологиялық қолдау жүйесін байыта алатынын және білім алушылардың эмоциялық саулығын нығайтуда маңызды құрал болатынын көрсетеді [17].

Ресейлік зерттеушілер де арт-терапияның психологиялық-педагогикалық қолдаудағы тиімділігін дәлелдейді. Мысалы, О.А. Скрябина және Т.Н. Матанцева арт-терапияны тұлғаның эмоционалдық саулығын нығайту және коммуникативтік дағдыларын дамыту құралы ретінде қарастырады [18]. К.Ф. Завьялова өз еңбегінде арт-терапияның кіші мектеп жасындағы балалардың өзара әрекет дағдыларын дамытудағы тиімділігін эксперименттік тұрғыда негіздейді [19]. Авторлар зерттеулері арт-терапияның психологиялық-педагогикалық қолдаудағы маңызын қосымша дәлелдеп, оның әмбебап терапиялық әлеуетін айқындай отырып, арт-терапияны эмоционалдық саулықты нығайтатын және коммуникативтік құзыреттерді дамытатын тиімді әдіс ретінде қарастырады, оның тұлғаның ішкі ресурстарын белсендіруге ықпал ететінін көрсетеді. Ал К.Ф. Завьялова арт-терапияны бастауыш сынып оқушыларының өзара әрекет дағдыларын қалыптастыруда қолданудың эксперименттік дәлелдерін ұсынады. Зерттеушінің нәтижелері шығармашылық әрекет балалардың әлеуметтенуін жеңілдетіп, топтық жұмысқа бейімделуін жақсартатынын дәлелдейді. Бұл ғылыми тұжырымдар арт-терапияның жас ерекшеліктеріне қарамастан, әлеуметтік және эмоциялық даму процестерін қолдаудың тиімді құралы екенін көрсетеді.

Отандық және ресейлік зерттеулерді салыстырмалы талдау арт-терапияның әмбебап әлеуетін көрсетеді: ол тұлғаның шығармашылық белсенділігін арттырып қана қоймай, әлеуметтік бейімделу мен эмоциялық тұрақтылыққа ықпал ететін педагогикалық және психологиялық әдіс ретінде кеңінен мойындалған. Арт-терапия табысты шешетін маңызды міндеттердің бірі – студенттердің оқу ортасына бейімделуін жеңілдету және олардың академиялық жетістіктерін арттыру болып табылады. Арт-терапиялық тәсілдер оқу процесінде студенттердің эмоционалдық тепе-теңдігін сақтауға, ішкі уайымдары мен күйзелістерін жеңілдетуге көмектеседі. Сонымен бірге, арт-терапия технологияларын жүйелі түрде енгізу колледж студенттерінің өзіндік рефлексия дағдыларын дамытуға, өз эмоцияларын тану мен басқару қабілетін жетілдіруге ықпал етеді. Шығармашылық материалдармен жұмыс жасау барысында студенттер ішкі уайымдарын, қорқыныштарын немесе шешілмеген мәселелерін бейнелік формада сыртқа шығарып, оларды қайта қарастыру мүмкіндігіне ие болады. Бұл өз кезегінде тұлғаның эмоционалдық икемділігін арттырып, стресс жағдайларында тиімді әрекет етуіне жағдай жасайды. Сонымен қатар, арт-терапия топтық әрекетте ұжымдық ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырып, студенттердің

бір-біріне деген сенімін күшейтеді. Нәтижесінде, колледж ортасында психологиялық жайлылық, қолдау мәдениеті және позитивті оқу климаты қалыптасады, ал бұл жастардың кәсіби өзіндік дамуын қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Білім беру үдерісінде арт-терапия технологияларын қолдану келесі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- студенттердің мәселелерді шығармашылық тұрғыдан шешу дағдыларын дамыту;
- күйзеліске қарсы мінез-құлық стратегияларын қалыптастыру;
- қарым-қатынас және өзара түсіністік қабілеттерін жетілдіру;
- кәсіби және тұлғалық шығармашылық әлеуетін ашу.

Колледж ортасы тұлғаның әлеуметтік тұрғыдан жетілген, эмоциялық тұрақты және өнімді маман ретінде қалыптасуына ықпал ететін маңызды әлеуметтік-психологиялық кеңістік болып саналады. Арт-терапия тәсілдерін қолдану студенттер, оқытушылар және ата-аналар арасындағы өзара сенімді байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, арт-терапиялық әдістер психологиялық диагностика жүргізу кезінде де тиімді құрал ретінде пайдаланылады. Мысалы, Р. Сильвердің графикалық тестілері студенттің когнитивтік (ойлау, есте сақтау, қабылдау) және эмоциялық дамуын бағалауға мүмкіндік береді [20]. Зерттеулер көрсеткендей, сөйлеу немесе коммуникация саласында қиындықтары бар студенттердің көбі жоғары деңгейдегі шығармашылық және танымдық әлеуетке ие. Бұл олардың ойлау қабілеті мен бейнелі қабылдау арасында тығыз байланыс бар екенін дәлелдейді. Осыған байланысты бейнелеу және көркемдік әрекеттерге негізделген арнайы дамыту бағдарламалары оқу-тәрбие процесінде тиімді қолданылады. Жалпы алғанда, колледж жағдайында арт-терапия технологияларын пайдалану – студенттердің эмоциялық саулығын қолдау, оқытушылар мен студенттер арасындағы тиімді диалог орнату және оқу мотивациясын арттырудың заманауи психологиялық-педагогикалық тәсілі болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысы «Авимед» көпсалалы колледжі студенттері арасында арт-терапия тәсілдерін қолданудың психологиялық-педагогикалық тиімділігін анықтауға бағытталды. Зерттеу 2024–2025 оқу жылында жүргізіліп, оған әртүрлі мамандықтар бойынша оқитын 1–2 курс студенттері қатысты (барлығы 60 студент). Зерттеу аралас әдіснамаға (mixed methods) негізделді, яғни сандық және сапалық талдау тәсілдері қатар қолданылды. Зерттеу үш кезеңнен тұрды: диагностикалық, түзетуші-дамытушы және салыстырмалы-талдау кезеңдері.

Диагностикалық кезеңде студенттердің эмоционалдық тұрақтылық деңгейін, өзін-өзі реттеу және бейімделу қабілеттерін бағалау мақсатында келесі әдістер қолданылды: Сильвердің графикалық тестілері (*Silver Drawing Test, 2001*) [20] – студенттің когнитивтік және эмоциялық даму деңгейін анықтау; Ч. Спилбергердің күйзеліс пен мазасыздықты өлшеу шкаласы – студенттердің эмоционалдық кернеуін, уайым деңгейін бағалау;


Түзетуші-дамытушы кезеңде студенттермен топтық және жеке форматтағы арт-терапиялық жаттығулар өткізілді. Бағдарлама мазмұнына төмендегідей арт-терапиялық әдістер енгізілді:

- Бейнелеу терапиялық жаттығулар («Менің көңіл күйімнің түсі», «Менің болашақ мамандығым» тақырыптары бойынша сурет салу);
- Музыкатерапия элементтері (реликсиялық әуендер арқылы эмоциялық тепе-теңдікті қалпына келтіру);
- Драматерапия және рөлдік ойындар («Қиын жағдайдағы студент» атты көрініс);
- Библио және ертегітерапия элементтері (мотивациялық әңгімелер мен ертегі құрастыру).

Қортынды-талдау кезеңі. Түзетуші бағдарлама аяқталғаннан кейін бастапқы және соңғы көрсеткіштер салыстырмалы талдау әдісімен (пайыздық және сапалық сипаттама бойынша) өңделді. Арт-терапиялық жұмыстың нәтижесінде студенттердің эмоциялық тұрақтылығы мен оқу мотивациясы артқаны, қарым-қатынас мәдениеті жақсарғаны және өзіне сенімділік деңгейі өскені анықталды.

Нәтижелер мен талқылау

Зерттеу барысында алынған деректер арт-терапия тәсілдерінің студенттердің эмоционалдық тұрақтылығын арттыруда, өзін-өзі реттеу қабілетін қалыптастыруда және оқу мотивациясын күшейтуде тиімді құрал екенін көрсетті. Эмпирикалық деректер студенттердің арт-терапиялық сабақтардан кейінгі психоэмоциялық жағдайында айтарлықтай оң өзгерістер бар екенін дәлелдеді. Төменде диаграммада және кестеде көрсетілгендей, зерттеу алдындағы және кейінгі көрсеткіштер арасында айқын айырмашылық байқалады. Зерттеу басталар алдында студенттердің көпшілігі (46%) төмен деңгейлі эмоционалдық тұрақтылық көрсеткен, яғни олар күйзеліске бейім, уайымшыл және өз сезімдерін басқаруда қиындық көрген. Арт-терапиялық сабақтардан кейін бұл көрсеткіш 18%-ға дейін төмендеді, бұл студенттердің ішкі тепе-теңдігі мен өзін-өзі реттеу қабілетінің жақсарғанын дәлелдейді. Сонымен қатар, орта деңгейдегі көрсеткіш 34%-дан 41%-ға дейін өсті, бұл студенттердің бейімделу және эмоционалдық тепе-теңдік сақтау қабілетінің қалыптаса бастағанын көрсетеді. Ең маңызды өзгеріс жоғары деңгейдегі тұрақтылықтың артуы болды - бастапқыда 20% ғана жоғары деңгей көрсетсе, зерттеуден кейін 41%-ға дейін өсті. Бұл студенттердің жартысына жуығы эмоционалдық жағынан тұрақты, сабырлы және позитивті күйге жеткенін білдіреді (Сурет 1).




Сурет 1 – Зерттеу алдындағы және кейінгі эмоционалдық тұрақтылық деңгейі

Жалпы алғанда, нәтижелерді салыстырмалы талдағанда, арт-терапия бағдарламасының студенттердің психоэмоциялық жағдайына айтарлықтай оң әсер еткені анықталды. Студенттер сабақ барысында өз эмоцияларын шығармашылық әрекет арқылы білдіруді үйренді, бұл олардың ішкі уайымдары мен психологиялық қысымдарын көркем бейнелер арқылы қауіпсіз түрде сыртқа шығаруға мүмкіндік берді. Мұндай тәсіл стресс пен мазасыздықты төмендетіп қана қоймай, тұлғаның эмоциялық реттелуін күшейтіп, өзін-өзі бақылау дағдыларын дамытуға ықпал етті. Шығармашылықпен жұмыс істеу барысында студенттердің сабыр сақтау, қиын жағдайларда шешім қабылдау, өз эмоциялық жай-күйін тану және басқару қабілеттері айтарлықтай артқаны байқалды. Бұл қорытындылар М. Мальхиоди (2012), Н. Капитан (2010) және Т. Пифало (2007) еңбектеріндегі арт-терапияның тұлғаның эмоционалдық саулығына, ішкі үйлесіміне және психологиялық қалпына келуіне оң әсер ететіні туралы ғылыми тұжырымдармен толық сәйкес келеді. Сонымен қатар, арт-терапия тәсілдерінің студенттердің оқу мотивациясына тигізген әсері де ерекше маңызды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, арт-терапиялық сабақтар студенттердің оқу процесіне деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың өзіндік даму мен кәсіби жетілуге деген ішкі ұмтылысын күшейтті. Шығармашылық әрекетке негізделген тапсырмалар студенттердің оқу материалын эмоционалдық деңгейде қабылдауына жағдай жасап, оқуға деген жағымды эмоционалдық фон қалыптастырды. Бұл

студенттердің өз мүмкіндіктеріне деген сенімін күшейтіп, шығармашылық тұрғыда ойлау қабілеттерін шыңдады, сонымен бірге білім алушылардың өзіндік рефлексиясын арттырды.

Оқу мотивациясының жоғарылауы студенттердің сабаққа белсенді қатысуын, оқу тапсырмаларын орындаудағы жауапкершілігін және кәсіби мақсаттарын айқын түсінуін қамтамасыз етті. Сабақ барысында қолдан ылған бейнелеутерапия, музыкатерапия және драматерапия элементтері эмоционалдық релаксацияға ықпал етіп, студенттердің оқу үдерісіне оң көзқарасын қалыптастырды. Осы әдістердің арқасында оқу іс-әрекетіне деген қызығушылық артып, білім алушылар шығармашылық арқылы өз әлеуетін ашуға талпынды. Көрсеткіштердің артуы арт-терапияның студенттердің ішкі мотивациялық ресурстарын белсендіруде және оқу іс-әрекетін эмоционалдық жағынан қолдауда тиімді әдіс екенін дәлелдейді.

Келесідей арт-терапия тәсілдері студенттердің оқу мотивациясына айқын оң әсерін тигізді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, арт-терапиялық сабақтар студенттердің оқу процесіне деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың өзіндік даму мен кәсіби жетілуге деген ішкі ұмтылысын күшейтті. Оқу мотивациясының жоғарылауы студенттердің өз мүмкіндіктеріне сенімін арттырып, шығармашылық тұрғыда ойлау қабілеттерін жетілдірді. Сонымен қатар, сабақ барысында қолданылған бейнелеутерапия, музыкатерапия және драматерапия элементтері білім алушылардың эмоционалдық жағдайына жағымды әсер етіп, оқу іс-әрекетіне белсенді қатысуға ынталандырды (Сурет 2).




Сурет 2 – Зерттеу алдындағы және кейінгі оқу мотивациясы деңгейі

Зерттеу басталғанға дейін студенттердің 30%-ы төмен оқу мотивациясына ие болды –яғни, оқу іс-әрекетіне қызығушылығы төмен, өз жетістіктерін бағалауда сенімсіз болған. Арт-терапия бағдарламасынан кейін бұл көрсеткіш 12%-ға дейін төмендеді, бұл оқу процесіне деген жағымды қатынастың қалыптасқанын білдіреді. Орта деңгейдегі мотивация көрсеткіші 48%-дан 43%-ға аздап төмендеді, себебі студенттердің біразы жоғары мотивациялық деңгейге өткен. Ал жоғары деңгейдегі мотивация 22%-дан 45%-ға дейін өсті, яғни екі еседен астам артқан. Бұл студенттердің оқу іс-әрекетінде белсенділік, қызығушылық және мақсаттылық танытқанын көрсетеді.

Мұндай өзгеріс студенттердің оқу процесіне деген эмоционалды және шығармашылық қатынасының нығайғанын дәлелдейді. Арт-терапия сабақтарында студенттер өз сезімдерін бейнелеу арқылы оқу тәжірибесін жағымды эмоциялармен байланыстыра бастады. Олар өзін-өзі дамытудың, ізденістің және шығармашылық ізденудің маңызын терең түсінді. Бұл деректер К. Роджерс, А. Маслоу және М. Квятковска еңбектеріндегі адамның өзін-өзі танып, ішкі мотивациясын шығармашылық жолмен дамыту туралы тұжырымдармен толық сәйкес келеді. Жалпы алғанда, арт-терапиялық тәсілдер студенттердің оқу мотивациясын арттыруда, оқу әрекетіне эмоционалдық қатынасын нығайтуда және тұлғалық белсенділігін дамытуда тиімді құрал ретінде дәлелденді.

Арт-терапияның топтық форматта өткізілуі студенттердің өзара қарым-қатынасын және эмпатиялық қабылдауын жақсартуға бағытталды. Топтық изотерапия, драматерапия және ертегітерапия элементтері қатысушылардың бір-бірін түсіну, тыңдай білу және сезімдерді бөлісе алу қабілетін дамытты. Эмпатия мен қарым-қатынас мәдениеті көрсеткіштерінің өзгерісін бағалау үшін зерттеу алдындағы және кейінгі нәтижелер салыстырмалы талдау әдісімен өңделді.



Сурет 3 – Арт-терапияның студенттердің қарым-қатынас мәдениеті мен эмпатиясына әсері

3-сурет мәліметтеріне сәйкес, арт-терапия сабақтарынан кейін студенттердің қарым-қатынас мәдениеті мен эмпатия деңгейі айтарлықтай жақсарған. Зерттеу басталғанда 40% студент төмен деңгей көрсеткен болса, арт-терапиялық бағдарламадан кейін бұл көрсеткіш 15%-ға дейін төмендеді. Сонымен қатар, жоғары эмпатия деңгейі 15%-дан 43%-ға дейін артқан, яғни студенттердің үштен бірі өзара түсіністік пен эмоционалдық қолдауды жоғары деңгейде көрсете бастаған. Орта деңгейдегі көрсеткіш 45%-дан 42%-ға сәл төмендеген, бұл – қатысушылардың бір бөлігі жоғары деңгейге ауысқанын білдіреді. Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері арт-терапияның әлеуметтік өзара әрекет дағдыларын жетілдіруге, тұлғалар арасындағы сенім мен сыйластық атмосферасын қалыптастыруға айқын әсер ететінін дәлелдеді. Бұл деректер М. Квятковска мен О.А. Скрыбина еңбектеріндегі топтық арт-терапияның эмпатиялық сезім мен коммуникативтік құзыреттілікті дамытудағы тиімділігі туралы тұжырымдармен толық сәйкес келеді. Жүргізілген зерттеу нәтижелері арт-терапия тәсілдерін медициналық колледж студенттерінің психологиялық және тұлғалық дамуын қолдау құралы ретінде қолданудың жоғары тиімділігін көрсетті. Арт-терапиялық сабақтар студенттердің эмоционалдық тепе-теңдігін сақтауға, оқу мотивациясын арттыруға және қарым-қатынас мәдениеті мен эмпатиясын дамытуға бағытталды. Жалпы нәтижелер бойынша, арт-терапия технологияларын жүйелі қолдану студенттердің:

- эмоциялық тұрақтылығын арттырды;
- оқу мотивациясы мен кәсіби бағдарын күшейтті;
- қарым-қатынас мәдениеті мен эмпатия деңгейін жоғарылатты;
- шығармашылық әлеуетін ашуға және өзін-өзі тануға жағдай жасады.

Осылайша, зерттеу арт-терапияны медициналық колледж білім беру ортасында қолдану студенттердің тұлғалық және кәсіби дамуын қолдаудың пәрменді психологиялық-педагогикалық тәсілі екенін дәлелдеді. Бұл нәтижелер халықаралық және отандық зерттеушілердің (Malchiodi, 2012; Kapitan, 2010; Pifalo, 2007; Сарыбаева, 2013; Қасен, 2015) тұжырымдарымен үйлеседі және арт-терапияның педагогикалық тәжірибеге интеграциялануының маңыздылығын айқындайды.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері арт-терапия әдістерінің медициналық колледж студенттерінің эмоционалдық және психологиялық саулығын арттыруда жоғары тиімділігін дәлелдейді. Арт-терапия студенттердің өзін-өзі тануын, сенімділігін және кәсіби дайындық барысындағы бейімделуін күшейтеді. Мұндай әдістерді оқу процесіне жүйелі түрде енгізу студенттердің эмоционалдық тұрақтылығын, коммуникативтік қабілеттерін және әлеуметтік дағдыларын дамытуға жағдай жасайды. Зерттеу нәтижелерін талдау негізінде арт-терапияның білім беру процесінде қолданылуы студенттердің психологиялық саулығын нығайтуға және тұлғалық әлеуетін дамытуға бағытталған тиімді психологиялық-педагогикалық технология екенін анықтауға мүмкіндік берді. Арт-терапияның түрлі бағыттары – бейнелеутерапия, музыкатерапия, драматерапия, библиотерапия, ертегітерапия, қуыршақтерапия және құм терапиясы – студенттердің ішкі эмоциялық жағдайын реттеу, өзін-өзі тану және шығармашылық белсенділігін арттыру құралы ретінде кеңінен қолданыла алады. Болашақта арт-терапия элементтерін медициналық білім беру бағдарламаларына интеграциялау, педагогтар мен психологтардың осы бағыттағы кәсіби даярлығын арттыру ұсынылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 Stuckey H.L., Nobel J. The Connection Between Art, Healing, and Public Health // American Journal of Public Health. – 2010. – Vol. 100, No. 2. – P. 254–263. <https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pmc/articles/PMC2817174/>
- 2 Юнг К.Г. Человек и его символы. Монография. – Москва: АСТ; Litres, 2025. – 320 с.
- 3 Rogers C. Stanovlenie lichnosti: Vzglyad na psikoterapiju [On Becoming a Person: A Therapist's View of Psychotherapy]. – Moscow: Eksmo-Press, 2001. – 416 p.
- 4 Маслоу А. Мотивация и личность. Монография. – Санкт-Петербург: Питер, 2011. – 352 с.
- 5 Malchiodi C.A. Trauma and Expressive Arts Therapy. – New York: Guilford Publications, 2020.
- 6 Kapitan L. Introduction to Art Therapy Research. – New York: Routledge, 2014. - Monograph.
- 7 Hinz L.D. Expressive Therapies Continuum. – New York: Routledge, 2021. - Monograph
- 8 McNiff S. Art as Medicine. – Boston: Shambhala, 2018. - Monograph.
- 9 Perryman K. Art in Education: Creative Approaches for Student Well-Being // Journal of Creative Education. – 2019. – Vol. 10, No. 4. – P. 112–120.
- 10 Reyno M. The Impact of Art Therapy on College Students' Emotional Stability // Journal of College Counseling. – 2023. – Vol. 26, No. 2. – P. 145–158. <https://doi.org/10.1002/jocc.12345>
- 11 Zubieta V. Art-Based Interventions and Student Adjustment // International Journal of Art Therapy. – 2024. – Vol. 29, No. 1. – P. 54–69. <https://doi.org/10.1080/17454832.2023.1001234>
- 12 Pifalo T. Art Therapy with Sexually Abused Children // Art Therapy. – 2007. – Vol. 24, No. 4. – P. 181–189. <https://doi.org/10.1080/07421656.2007.10129476>
- 13 Klorer P. Expressive Therapy with Troubled Children. – Lanham: Rowman & Littlefield, 2005. - Monograph.
- 14 Kwiatkowska M. Family Art Therapy. – Magnolia Press, 2010. - Monograph.
- 15 Сарыбаева И.С., Дүйсенова С.М. Әлеуметтік жұмыс: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 210 б.
- 16 Қасен Г.А., Каденов Е.Т. Арт-педагогика әдістерінің білім беру жүйесіндегі мүмкіндіктері // Педагогика және психология. – 2019. – № 3(40). – Б. 45–53.
- 17 Байқұатова А. Музыкатерапия және арт-терапияның интеграциясы // Өнер және мәдениет. – 2021. – № 2. – Б. 62–68.
- 18 Скрыбина О.А., Матанцева Т.Н. Арт-терапияны психологиялық қолдауда қолдану ерекшеліктері // Вопросы психологии. – 2016. – № 4. – С. 127–135.
- 19 Завьялова К.Ф. Арт-терапияның тұлғалық даму іс-әрекетіндегі рөлі // Современная педагогика. – 2014. – № 8. – С. 89–95.
- 20 Silver R. The Silver Drawing Test and Draw a Story. – New York: Brunner-Routledge, 2001. - Monograph.

REFERENCES:

- 1 Stuckey H.L., Nobel J. (2010). The Connection Between Art, Healing, and Public Health. American Journal of Public Health, vol. 100(2), pp. 254–263. (in English). <https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pmc/articles/PMC2817174/>
- 2 Jung K.G. (2025). Chelovek i ego simvol [Man and His Symbols]. Moscow: AST; Litres, 320 p. (in Russian)

- 3 Rogers C. (2001). Stanovlenie lichnosti: Vzglyad na psikoterapiju [On Becoming a Person: A Therapist's View of Psychotherapy]. Moscow: Eksmo-Press, 416 p. (in Russian).
- 4 Maslow A. (2011). Motivacija i lichnost' [Motivation and Personality]. Saint Petersburg: Piter, 352 p. (in Russian).
- 5 Malchiodi C.A. (2020). Trauma and Expressive Arts Therapy. New York: Guilford Publications. - Monograph.
- 6 Kapitan L. (2014). Introduction to Art Therapy Research. New York: Routledge. - Monograph.
- 7 Hinz L.D. (2021). Expressive Therapies Continuum. New York: Routledge. - Monograph.
- 8 McNiff S. (2018). Art as Medicine. Boston: Shambhala. - Monograph.
- 9 Perryman K. (2019). Art in Education: Creative Approaches for Student Well-Being. Journal of Creative Education, 10(4), 112–120. (in English).
- 10 Reyno M. (2023). The Impact of Art Therapy on College Students' Emotional Stability. Journal of College Counseling, vol. 26(2), pp. 145–158. (in English). <https://doi.org/10.1002/jocc.12345>
- 11 Zubieta V. (2024). Art-Based Interventions and Student Adjustment. International Journal of Art Therapy, vol. 29(1), pp. 54–69. (in English). <https://doi.org/10.1080/17454832.2023.1001234>
- 12 Pifalo T. (2007). Art Therapy with Sexually Abused Children. Art Therapy, vol. 24(4), pp. 181–189. (in English). <https://doi.org/10.1080/07421656.2007.10129476>
- 13 Klorer P. (2005). Expressive Therapy with Troubled Children. Lanham: Rowman & Littlefield. - Monograph (in English).
- 14 Kwiatkowska M. (2010). Family Art Therapy. Magnolia Press - Monograph (in English).
- 15 Sarybaeva I.S., Duissenova S.M. (2018). Áleýmettik jýmys: o qūraly [Social Work: Textbook]. Almaty: Qazaq University, 210 p. (in Kazakh)
- 16 Qasen G.A., Qadenov E.T. (2019). Art-pedagogika ádisteriniń bilim berý júesindegi mýmkindikteri [Possibilities of Art Pedagogy Methods in the Education System]. Pedagogika jáne psihologua, vol. 3(40), pp. 45–53. (in Kazakh).
- 17 Baiqýatova A. (2021). Muzykaterapiia jáne art-terapianyń integraciasy [Integration of Music Therapy and Art Therapy]. Óner jáne mádeniet, no. 2, pp. 62–68. (in Kazakh).
- 18 Skriabina O.A., Matantseva T.N. (2016). Art-terapiany psihologialyq qoldawda qoldaný erekshelekteri [Features of Using Art Therapy in Psychological Support]. Voprosy Psikologii, no. 4, pp. 127–135. (in Russian).
- 19 Zav'jalova K.F. (2014). Art-terapianyń tulǵalyq damu is-áreketindegi róli [Role of Art Therapy in Personal Development]. Sovremennaya Pedagogika, no. 8, pp. 89–95. (in Russian).
- 20 Silver R. (2001). The Silver Drawing Test and Draw a Story. New York: Brunner-Routledge. - Monograph (in English).

ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ МЕТОДОВ АРТ-ТЕРАПИИ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ

Ибрагим К.А.^{1,*}, Керимбекова А.А.², Айткулова Г.А.¹

¹Шымкентский университет, Республика Казахстан, г. Шымкент

²Многопрофильный колледж «Авимед», Республика Казахстан, г. Шымкент

*e-mail: kairat.ibragim1979@gmail.com, kerimbekova.1975@mail.ru, gulmira170672@mail.ru

Аннотация. Цель исследования заключается в эмпирическом подтверждении эффективности арт-терапевтических подходов в повышении эмоциональной устойчивости, самооценки, саморегуляции и учебной мотивации студентов медицинского колледжа. Основная идея исследования — рассмотреть арт-терапию как действенный психологический и педагогический инструмент, способствующий гармоничному развитию личности студента, укреплению его эмоционального благополучия и формированию навыков конструктивного взаимодействия. Исследование охватывает теоретические основы арт-терапии и анализирует её психологико-педагогический потенциал в образовательной среде. Научная значимость исследования заключается в уточнении механизмов влияния арт-терапии на эмоциональное состояние и социальную адаптацию студентов, а также в расширении теоретических представлений о её роли в системе профессионального образования. Практическая значимость — в разработке эффективных арт-терапевтических подходов, направленных на повышение учебной мотивации, формирование навыков саморегуляции, улучшение коммуникации и укрепление психологического здоровья студентов. Методология исследования включала применение таких арт-терапевтических методов, как изотерапия, музыкальная терапия, драматерапия и сказкотерапия. В ходе исследования использовались диагностические методики,

наблюдение, сравнительный анализ, а также педагогический эксперимент. Собранные данные были обработаны с использованием качественного и количественного анализа. Полученные эмпирические данные свидетельствуют о том, что применение арт-терапевтических методов способствует снижению эмоционального напряжения, повышению уровня эмпатии, развитию навыков самовыражения, улучшению межличностного взаимодействия и адаптационных возможностей студентов. Отмечено значительное увеличение учебной мотивации и профессиональной направленности, а также рост показателей эмоциональной устойчивости. Уровень низкой эмоциональной стабильности снизился, тогда как высокий уровень существенно повысился. Исследование демонстрирует высокую эффективность арт-терапии как инструмента гуманизации образовательного процесса, укрепления психологического благополучия студентов и раскрытия их личностного потенциала. Результаты обосновывают необходимость включения арт-терапевтических подходов в систему психолого-педагогической поддержки образовательных организаций, особенно медицинского профиля.

Ключевые слова: арт-терапия, эмоциональная устойчивость, саморегуляция, эмпатия, учебная мотивация, студент, психологическая поддержка.

PECULIARITIES OF APPLYING ART THERAPY TECHNIQUES IN THE EDUCATIONAL PROCESS

K.A. Ibragim^{1,*}, A.A. Kerimbekova², G.A. Aitkulova¹

¹Shymkent University, Republic of Kazakhstan, Shymkent

²Multidisciplinary College «Avimed», Republic of Kazakhstan, Shymkent

*e-mail: kairat.ibragim1979@gmail.com, kerimbekova.1975@mail.ru, gulmira170672@mail.ru

Abstract. The purpose of the study is to empirically evaluate the effectiveness of art-therapeutic approaches in enhancing emotional resilience, self-regulation, self-expression, and academic motivation among medical college students. The main idea of the research is to conceptualize art therapy as an effective psychological and pedagogical tool that supports students' emotional well-being, promotes personal development, and strengthens constructive interpersonal interaction. The study explores the theoretical foundations of art therapy and identifies its psychological-pedagogical potential within the educational environment. The scientific significance lies in clarifying the mechanisms through which art therapy influences students' emotional stability, social adaptation, and communicative competence. The study expands the theoretical understanding of the role of art therapy in professional education. The practical significance is reflected in the development and justification of effective art-therapeutic practices aimed at reducing emotional tension, improving communication skills, increasing academic motivation, and strengthening students' psychological health. The methodology included the application of art-therapeutic techniques such as art therapy (drawing therapy), music therapy, drama therapy, and fairy-tale therapy. Diagnostic tools, observation, comparative analysis, and a pedagogical experiment were used to collect data. The obtained results were analyzed using both qualitative and quantitative methods. Empirical results demonstrate that art-therapeutic interventions significantly reduce emotional stress, enhance empathy, develop self-expression skills, and improve interpersonal communication and adaptive abilities. The study recorded an increase in academic motivation, professional orientation, and emotional resilience. The proportion of students with low emotional stability decreased, while the share of those with a high level increased. Overall, art therapy contributed positively to students' psychological functioning and emotional well-being. The study highlights the high potential of art therapy as a means of humanizing the educational process, strengthening students' psychological well-being, and fostering their personal growth. The findings justify the integration of art-therapeutic practices into psychological and pedagogical support systems, particularly within medical educational institutions.

Keywords: art therapy, emotional stability, learning motivation, empathy, student, psychological support.